

Балаңыздың қуана балабақшаға баруы үшін не істеуге болады?

(Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары)

- Оның уақытылы ұйықтауға жатуын қадағалаңыз.
- Балабақша туралы жаман айтпаңыз, Баланың көзінше тәрбиешілерді сөз қылмаңыз.
- Балаңыз балабақшадан берген тапсырмаларға, сіздің қызығушылық танытып, қадағалайтыныңызды көрсін.
- Өзіңіз оқыңыз, бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін білсін, көрсін.
- Компьютерлік ойында ойнауды бала күнінде 20 минуттан асырмауы тиіс.
- Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссе – сол оқиға жайлы әңгіме құрастыруын өтініңіз, ал кешкісін оны барлық - отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.
- Балабақша өміріне үнемі белсенділік танытыңыз.
- Балабақшада сіздің балаңыз өзіне деген өте жағымсыз қатынасқа қақтығысып қалуы мүмкін. Және де барлығы әрқашан іске аса бермейді. Осы сәтте балаға өзіне деген сенімін жоғалтпауға көмектесіңіз.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.